

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.Султанова



Ә.Жангелдин атындағы орта мектебі КММ бойынша 2025-2026 оқу жылына арналған бракераж комиссиясының жұмыс жоспары

Бракераж комиссиясының негізгі басты міндеттері:


1. Мектеп жасындағы балалардың тамақтан уланудың алдын алу;
2. Асқазан- ішек ауруларын болдырмау;
3. Тамақтың білгілі бір заңдылыққа сәйкес дайындалу техникасының бұзылмауын бақылау;
4. Тамақтандырудың толыққанды ұйымдастырылуын, санитарлық-гигиеналық талаптардың қатаң сақталуын қадағалау;
5. Ас блогындағы жұмыстың ұйымдастырылуын бақылайды;
6. Ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылайды;
7. Дайындалған тамақтың көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексереді;
8. Күн сайын ас мәзірінің дұрыс жасалуын қадағалайды;
9. Тамақ өнімдерін тасымалдау, жеткізу және түсіру кезінде санитарлық – гигиеналық нормалардың сақталуын бақылауды жүзеге асырады;
10. Ас блогының (қойма,және басқа да үй-жайларды қоса алғанда) және тамақтану залының санитарлық жағдайын,ыдыс-аяқты жинау мен сапасын, жай-күйін және жуылуын бақылауды жүзеге асырады;

Бракераждық комиссияның құқықтары:

1. Ыдыста таңбалаудың болуын бақылау;
2. Тәуліктік сынаманың болуын бақылау;
3. Тамақ дайындау процесінің технологиялық карталарға сәйкестігін тексеру;
4. Он күндік мәзірдің әртүрлілігін және сақталуын тексеру;
5. Тамақ өнімдерін сақтау ережелерінің сақталуын бақылау;
- 6.Тиісті құжаттары жоқ қызметкерлерді жұмысқа жібермеу (санитарлық кітапшалар,дипломдар, сертификаттар және т.б)

р/с	Жүргізілетін іс-шаралар	Мерзімі	Жауапты
1	Жаңа оқу жылының басталуына ас блогы мен тамақтану алаңының дайындығы. Ас блогы қызметкерлерінің санитарлық кітапшаларының мерзімі қадағалау. Комиссияның жаңа оқу жылына арналған жұмыс жоспарын құру және жаңа комиссия құрамын бекіту	Тамыз -қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
2	Тамақтану нормалары мен калориясына сәйкес мәзірді құруды бақылау.Күнделікті ас мәзірінің талапқа	Күнделікті	Бракераж комиссиясының мүшелері

	сай дайындалуы, оқушыларға берілуін қадағалау		
3	Ас блогының жай – күйін кешенді тексеру, тәуліктік сынымалардың болуы және сынама ыдыстарының таңбалануын қадағалау	Күнделікті	Бракераж комиссиясы, мектеп медбикесі, диетолог
4	Ас блогында жұмыс жасайтын қызметкерлердің медициналық, гигиеналық талаптарға сай болуын қадағалау (асханада қызметкерлер өздеріне арналған формамен жүруін)	Үнемі	Бракераж комиссиясының мүшелері
5	Бракераж журналдың уақытылы толтырылуын қадағалау	Күнделікті	Диеталық медбике
6	Оқушылардың сапалы тамақтануын қадағалау, порцияларды өлшеуді бақылау, өнімдерді сақтау ережесі, температуралық режимді қадағалау	Күнделікті	Бракераж комиссиясының мүшелері
7	Асханадағы ыдыстардың дұрыс жуылуын және сынған, жырылған ыдыстардың қолданылмауын тексеру	Үнемі	Бракераж комиссиясының мүшелері
8	Тоқсанына екі рет жалпы асхананың, тағамдарды сақтайтын қойманың, тоңазытқыштардың, көкөніс сақтайтын ыдыстардың, балалар тамақтанатын алаңның тазалығы, ыдыстардың тамақтануға жарамдылығын (сынған, мүжілген, шытынаған ыдыстардың болмауын) жалпы санитарлық талаптардың орындалуын қадағалау мақсатында акт жасақтау	Әр оқу тоқсанына 2 рет	Бракераж комиссиясының мүшелері
9	Оқу жылы барысында атқарылып жатқан жұмыстар бойынша брокераж комиссиясы мүшелерінің отырысы	Әр оқу тоқсанында 1 рет	Бракераж комиссиясының мүшелері

Әлеуметтік педагог:  З.Калиева